

Қазақстан Республикасының "Өзін-өзі реттеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 13 қарашадағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 109-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының "Өзін-өзі реттеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 13 қарашадағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 20 қарашадағы
№ 109-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының "Өзін-өзі реттеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 13 қарашадағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6

1	"Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2016 жылғы қаңтар	Қ . Б . Қожахметов
2	"Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2016 жылғы қаңтар	Қ . Б . Қожахметов
3	Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы	ҰЭМ	2016 жылғы қаңтар	Т . М . Жақсылықов

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.